

Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 3 маусымдағы № 405 қаулысы. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 29 қантардағы № 88 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 29.01.2025 № 88 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Жетісай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін оны Жетісай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісай ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

M.Қадырбек

Жетісай ауданы
әкімдігінің 2022 жылғы
"___" __ __ № __ __
қаулысымен бекітілген

**Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты"
мемлекеттік мекемесі туралы
Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық округ әкімінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тараҧы болуға құқылы.

7. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен ауылдық округ әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды .

8. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 160517, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жылды су ауылдық округі, Жылды су ауылы Ә.Испулов көшесі №36/2.

10. Осы ереже Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

14. Мақсаттары:

1) Жылды су ауылдық округінің тұрақты және серпінді, экономикалық және әлеуметтік дамуы негізінде ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын іске асыру;

2) ауылдық округ әкімінің аппараты әкімші болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу және тиісті мәслихатпен бекіту үшін жоғары тұрған әкімдіктің қарауына енгізу;

3) ауылдық округтің жергілікті қоғамдастық жиналыштарының (жиындарының) өткізілуін және олардың шешімдерінің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету.

15. Өкілеттіктері:

1. Құқықтары:

1) стратегиялық жоспарды және (немесе) әкім аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаны әзірлеу кезінде жергілікті қоғамдастық жиналышының (жиынның) талқылауына Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес аудан бюджеті құрамында қарастырылған бағыттар бойынша қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды жергілікті қоғамдастық жиналышына (жиынна) шығаруға құқылы;

2) өз құзыреті шегінде Жылды су ауылдық округі әкімінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұратып алуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, орталық атқарушы органдардың, облыс және аудан әкімдері мен әкімдіктерінің тапсырмалары мен актілерін көрсетілген мерзімде орындау;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

2. Міндеттері.

1) ауылдық округ әкімінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу;

2) азаматтар мен заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін орындауына көмек көрсету;

3) Жылы су ауылдық округінің коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұстаудың қамтамасыз ету;

4) өз құзыреті шегінде ауылды сумен жабдықтаудың ұйымдастыру және су пайдалану мәселелерін реттеу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) қызметтік құжаттарды, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, әкімнің жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдаудың ұйымдастырады, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдаудың және орындалудың бақылауды қамтамасыз етеді;

2) салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдеседі;

3) өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады;

4) шаруа немесе фермер шаруашылықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдеседі;

5) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалудың ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нотариаттық іс-әрекет жасауды, азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастырады ;

7) тарихижәне мәденимұранысақтаужөніндегіжұмысты ұйымдастырады;

8) табысы аз адамдарды анықтайды, жоғары тұрған органдарғажұмыспен қамту, атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша ұсыныстар енгізеді,

жалғызбасты қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

9) қылмыстық-атқару испекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмысқа орналастыруын қамтамасыз етеді және өзге де әлеуметтік – құқықтық көмек көрсетеді;

10) әр шаруашылық бойынша есепке алууды жүзеге асырады;

11) ауылдық округі абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

12) мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарғамүгедектердің, асыраушысынан айырылған отбасылардың, көп балалы аналардың материалдық және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстарын әзірлейді және енгізеді, сондай-ақ қемелетке толмағандар арасында қадағалаусыз қалуының алдын алумен айналысады;

13) бюджеттік бағдарламалардың қаржыландырылуын жоспарлауымен орындалуын қамтамасыз ету, бухгалтерлік есепті жүргізу;

14) аудан әкімдігінің қаулыларын, аудан әкімінің шешімдерін, сондай-ақ Жетісай ауданы әкімідігінің аппараттық жиналыстарында және жұмыс сапары барысында берілген тапсырмаларды орындау;

15) мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақытылы қөрсету бойынша жұмысты қамтамасыз ету;

16) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымының дамуына жәрдемдеседі;

17) ауыл аумағында мал жаятын участеклерді айқындау, қанғыбас иттер мен мысықтарды аулап жою, мал көміндісін салу және оларды ветеринарлық нормативтерге сәйкес күтіп ұстаудың бақылау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

18) шұғыл медициналық көмек қорсету қажет болған жағдайда ауруларды таяу жердегі денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізіп салуын ұйымдастырады, дәрігерлік көмек көрсетеді;

19) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеуді орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстауды бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру үйимдарын құру, қайта үйимдастыру және тарату туралы шешімдер (өкімдер) қабылдайды;

21) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру үйимдарының жарғысын бекітеді, оған езгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасайды;

22) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның, алқалы органдардың (бар болса) бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

17. Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесін басқаруды ауылдық округ әкімі жүзеге асырады, ол Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

18. Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

20. Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) әкім аппаратының жұмысын ұйымдастырады және басқарады, әкім аппаратына жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады;

2) Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жоспарлауды қамтамасыз етеді;

3) Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері арасындағы қызметтік міндеттерді бөледі, тиісті орындаушылық және еңбек тәртібін қамтамасыз етеді;

4) белгіленген тәртіппен мекеме қызметкерлеріне көтермелей шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

5) аппаратпен орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдерді қабылдайды;

6) мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда әкім аппаратының мүддесін білдіреді;

7) Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі атынан заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасасады, заңды және банктік құжаттарға қол қояды;

8) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөнінде тиісті шаралар қабылдауды және сақтауды қамтамасыз етеді;

9) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын бекітеді, өз құзыреті шеңберінде бюджеттік қаржының мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады, қаржылық құжаттарға қол қояды;

10) қоғамдық қөлік қозғалысын ұйымдастырады;

11) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қымыл жасайды;

12) жергілікті бюджетті бекіту (нақтылау) кезінде аудандық мәслихаттың сессиясы жұмысына қатысады;

13) мектепке дейінгі тәрбие менбілім беру үйымдарының, мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз етеді;

14) қәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді;

15) аудандық көлік қатынасын үйымдастыру жөнінде атқарушы органға ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ оқушыларды мектепке дейін және кейін ауылға қарай тегін жеткізіп салуды үйымдастырады;

16) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша өзіне жүктелген міндеттердің іске асырылуына жоғары тұрған әкімнің, мәслихаттың алдында жауап береді;

17) жеке тұлғалар және занды тұлғалар өкілдерінің жеке қабылдауын жүзеге асырады;

18) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етеді;

19) мемлекеттік қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

20) қызмет алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді;

21) қолданыстағы заннамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заннамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заннамаға сәйкес айқындейды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Жетісай ауданының "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Жетісай ауданының "Жылды су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің қарамағында ведомстволық ұйымдар жоқ.